

ИМАМ АҒЗАМ ӘБУ ХАНИФА

Имам Әбу Ханифа өсиеті

(Аударған: Ризабек ІЛІМБАЕВ)

АСТАНА, 2014

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейірімді, рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

متن وصية الإمام أبي حنيفة

اغْلُمُوا يَا أَصْحَابِي وَ إِخْوَانِي أَنْ مَذْهَبَ أَهْلِ السُّنَّةِ وَالْجَمَاعَةِ عَلَى اثْنَتَيْ عَشْرَةَ خِصْلَةً، فَمَنْ كَانَ يَسْتَقِيمُ عَلَى هَذِهِ الْخِصَالِ لَا يَكُونُ مُبْتَدِعًا، وَلَا صَاحِبَ هَوًى، فَعَلَيْكُمْ بِهِذِهِ الْخِصَالِ حَتَّى تَكُونُوا فِي شَفَاعَةِ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ.

Уа халқым! Бауырларым! Біліп қойыңдар, Аһлүс - сүннәт¹ уәл жамағат² мәзһәбында он екі қасиет бар. Кімде-кім осы қасиеттерді бекем ұстаса, ол ешқашан бидғатшы³ (діннің негізіне жаналық енгізушілерден) әрі жалғаншылардан саналмайды. Хақ Елшісінің (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шапағатына ие болу үшін сендер осы қасиеттерге бекем болуға тиіссіңдер.

الوصية الأولى

Бірінші өсиет

الإيمان إقرارٌ باللسانِ وَ تَصَدِيقٌ بِالْجَنَانِ، وَالْإِقْرَارُ وَحْدَهُ لَا يَكُونُ إِيمَانًا، لِأَنَّهُ لَوْ كَانَ إِيمَانًا لَكَانَ الْمُنَافِقُونَ كُلُّهُمْ مُؤْمِنِينَ، وَ كَذَلِكَ الْمَعْرِفَةُ وَحْدَهَا لَا تَكُونُ إِيمَانًا، لِأَنَّهَا لَوْ كَانَتْ إِيمَانًا لَكَانَ أَهْلُ الْكِتَابِ كُلُّهُمْ مُؤْمِنِينَ، قَالَ اللَّهُ تَعَالَى فِي حَقِّ الْمُنَافِقِينَ: ﴿ وَاللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّ الْمُنَافِقِينَ لَكَاذِبُونَ ﴾، وَقَالَ تَعَالَى فِي حَقِّ أَهْلِ الْكِتَابِ: ﴿ الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ ﴾.

Иман дегеніміз - тілмен айтып, жүрекпен бекіту. Жалғыз тілмен ғана айту, иманның кәміл болуы үшін жеткіліксіз. Егер тілмен айтудың бір өзі кәміл (толыққанды) иман болса, екі - жүзділердің барлығы момын саналар еді. Сол сияқты Аллаһты ғана танып қою да иманның толыққанды кемеліне келуі үшін жеткіліксіз, өйткені, танып қана қою толыққанды иман болса, онда Кітапиелерінің (христиан мен ияхудилер) бәрі да момын саналар еді. Екі жүзділер жайында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

¹ (السنة) сүннәт – тілде жол деген мағына береді, діндегі мағынсы - Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салып, қалыптастырып кеткен жолы.

² (الجماعة) жамағат - Мұхаммед (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарымыздың жолын ұстанушылар.

³ (Діннің негізіне жаналық енгізушілерден)

﴿ وَاللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّ الْمُنَافِقِينَ لَكَاذِبُونَ ﴾

«Сондай-ақ Аллаһ Тағала расында екі жүзділердің мүлдем өтірікші екендігіне куәлік етеді»⁴ деп бұйырады. Сондай-ақ, Кітап иелері жайында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ ﴾

«Өздеріне кітап бергендеріміз Мұхаммедті (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлдарын танығандай таниды»⁵ деп бұйырады.

وَالْإِيمَانُ لَا يُزِيدُ وَلَا يَنْقُصُ، لِأَنَّهُ لَا يُتَصَوَّرُ نَقْصَانُهُ إِلَّا بِزِيَادَةِ الْكُفْرِ، وَلَا تُتَصَوَّرُ زِيَادَتُهُ إِلَّا بِنَقْصَانِ الْكُفْرِ، وَكَيْفَ يَجُوزُ أَنْ يَكُونَ الشَّخْصُ الْوَاحِدُ فِي حَالَةٍ وَاحِدَةٍ مُؤْمِنًا وَكَافِرًا!؟

Иман көбеймейді де, азаймайды. Өйткені, иман азайса - күпірліктің артқаны. Ал көбейсе - күпірліктің азайғанын білдіреді. Ал енді бір адамның бір уақытта момын әрі имансыз (*кәпір*) болуы мүмкүн емес.

وَالْمُؤْمِنُ مُؤْمِنٌ حَقًّا، وَالْكَافِرُ كَافِرٌ حَقًّا، وَ لَيْسَ فِي الْإِيمَانِ شَكٌّ، كَمَا أَنَّهُ لَيْسَ فِي الْكُفْرِ شَكٌّ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ أُولَئِكَ هُمُ الْمُؤْمِنُونَ حَقًّا ﴾، وَ ﴿ أُولَئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ حَقًّا ﴾، وَالْعَاصُونَ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ كُلُّهُمْ مُؤْمِنُونَ وَ لَيْسُوا بِكَافِرِينَ.

Момын ғана шынайы момын бола алады, ал дінсіз тек қана дінсіз бола алады. Күпірлікте күман болмағаны сияқты, иманда да күмән болмайды. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ أُولَئِكَ هُمُ الْمُؤْمِنُونَ حَقًّا ﴾

«Міне солар, шынайы момындар»⁶ десе және бір аятта:

﴿ أُولَئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ حَقًّا ﴾

«Міне олар анық кәпірлер»⁷ - деп бұйырады.

Сонымен қатар, Хақ Елшісінің (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмбетіндегі күнәһарлардың барлығы мұсылман, олар кәпір емес.

وَالْعَمَلُ غَيْرُ الْإِيمَانِ، وَالْإِيمَانُ غَيْرُ الْعَمَلِ، بِدَلِيلِ أَنَّ كَثِيرًا مِنَ الْأَوْقَاتِ يَرْتَفِعُ الْعَمَلُ عَنِ الْمُؤْمِنِ، وَلَا يَجُوزُ أَنْ يُقَالَ: ارْتَفَعَ عَنْهُ الْإِيمَانُ، فَإِنَّ الْحَائِضَ رَفَعَ اللَّهُ سُبْحَانَهُ وَ تَعَالَى عَنْهَا الصَّلَاةُ، وَ لَا يَجُوزُ أَنْ يُقَالَ: رَفَعَ عَنْهَا الْإِيمَانَ وَ أَمَرَهَا بِتَرْكِ

⁴ Мұнафиқун сүресі, 1-аят.

⁵ Барака сүресі, 146-аят.

⁶ Өнфәл сүресі, 4-аят.

⁷ Ниса сүресі, 151-аят.

الإيمان، وَقَدْ قَالَ لَهَا الشَّارِعُ: دَعَى الصَّوْمَ ثُمَّ أَقْضِيهِ، وَلَا يَجُوزُ أَنْ يُقَالَ: دَعَى الإِيمَانَ ثُمَّ أَقْضِيهِ، وَ يَجْثُرُ أَنْ يُقَالَ: لَيْسَ عَلَى الْفَقِيرِ الزَّكَاةُ، وَلَا يَجُوزُ أَنْ يُقَالَ: لَيْسَ عَلَى الْفَقِيرِ الإِيمَانُ.

Құлшылық иманның бір бөлігі емес, сол сияқты иманда құлшылықтан емес. Кей жағдайда момынның мойнынан құлшылық жасау түсіріледі (яғни орындау міндет болмай қалады), бірақ, одан иман түседі деп айтылмайды. Мысалы, етеккірі келген әйелден Аллах Тағала намаз оқуды алып тастады, бірақ одан иманды түсірді, иманды тастауға бұйырды деп айтуға болмайды. Шын мәнінде Хақ Тағала оған (етеккірі келеген әйелге) «оразаңды үз, кейін өтейсің» деді емес пе? Алайда, «иманыңды қоя тұр, кейін өтеп бересің» деп айта алмаймыз. Сол сияқты, кедейге зекет беру міндетті емес десек, ендеше оған иман келтірмесең болады деу де дұрыс емес.

وَ تَقْدِيرُ الْخَيْرِ وَ الشَّرِّ كُلِّهِ مِنَ اللَّهِ تَعَالَى، لِأَنَّهُ لَوْ رَعَمَ أَحَدٌ أَنْ تَقْدِيرَ الْخَيْرِ وَ الشَّرِّ مِنْ غَيْرِهِ لَصَارَ كَافِرًا بِاللَّهِ تَعَالَى وَ بَطَلَ تَوْحِيدُهُ.

Тағдырдан көретін жақсылық пен жамандық та Хақ Тағаладан. Кімде-кім ондағы жақсылық пен жамандық Аллах Тағаладан басқа біреуден келеді деп сенсе, имансызға айналып, Хақты бірлеуі (тануы) бекерге шығады.

الوصية الثانية

Екінші өсиет

نُفِرُ بِأَنَّ الْأَعْمَالَ ثَلَاثَةٌ: فَرِيضَةٌ وَ فُضِيلَةٌ وَ مَعْصِيَةٌ، فَالْفَرِيضَةُ بِأَمْرِ اللَّهِ وَ مَشِيئَتِهِ وَ مَحَبَّتِهِ وَ رِضَائِهِ وَ قَضَائِهِ وَ قَدْرِهِ وَ تَخْلِيْقِهِ وَ حُكْمِهِ وَ عِلْمِهِ وَ تَوْفِيقِهِ وَ كِتَابَتِهِ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ.

Амалдар үш түрлі болатындығы бекітілген. Олар: парыз амалдар, қосымша амалдар және күнә істер.

Парыз - Хақ Тағаланың бұйрығымен, қалауымен, жақсы көруімен, разы болуымен, тағдырда белгіленуімен, шешімімен, жаратуымен, үкімімен, ілімімен, жәрдем беруімен әрі Әл - Ләухта (тақтада) жазып қоюымен болады.

وَالْفُضِيلَةُ لَيْسَتْ بِأَمْرِ اللَّهِ تَعَالَى، وَلَكِنْ بِمَشِيئَتِهِ وَ مَحَبَّتِهِ وَ رِضَائِهِ وَ قَضَائِهِ وَ قَدْرِهِ وَ حُكْمِهِ وَ عِلْمِهِ وَ تَوْفِيقِهِ وَ تَخْلِيْقِهِ وَ كِتَابَتِهِ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ.

Ал қосымша амалдар Хақ Тағаланың бұйрығымен емес, бірақ қалауымен, жақсы көруімен, разы болуымен, шешімімен, тағдырда белгілеуімен, үкімімен, ілімімен, жәрдем беруімен және жаратуымен әрі Әл Ләухта (тақтада) жазып қоюымен орындалады.

وَ الْمَعْصِيَةُ لَيْسَتْ بِأَمْرِ اللَّهِ تَعَالَى، وَلَكِنْ بِمَشِيئَتِهِ لَا بِمَحَبَّتِهِ، وَ بِقَضَائِهِ لَا بِرِضَائِهِ، وَ بِتَقْدِيرِهِ لَا بِتَوْفِيقِهِ، وَ بِحُزْنِهِ وَ عِلْمِهِ وَ كِتَابَتِهِ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ.

Күнә істер болса Хақ Тағаланың әмірімен, разы болуымен, жәрдем беруімен, жақсы көруімен болмайды, бірақ, қалауымен, шешімімен, тағдырында белгіленуімен, жәрдемсіз қалдыруымен, ілімімен әрі Әл Ләухта (*тақтада*) жазып қоюымен жүзеге асады.

الوصية الثالثة

Үшінші өсиет

نُورُ بَأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى، مِنْ غَيْرِ أَنْ تَكُونَ لَهُ حَاجَةٌ وَ اسْتِقْرَارٌ عَلَيْهِ، وَهُوَ حَافِظُ الْعَرْشِ وَ غَيْرِ الْعَرْشِ مِنْ غَيْرِ احْتِيَاجٍ، فَلَوْ كَانَ مُحْتَاجًا لَمَا قَدَرَ عَلَى إِجَادِ الْعَالَمِ وَ تَدْبِيرِهِ كَالْمَخْلُوقِينَ، وَلَوْ كَانَ مُحْتَاجًا إِلَى الْجُلُوسِ وَ الْقَرَارِ فَقَبْلَ خَلْقِ الْعَرْشِ أَيْنَ كَانَ اللَّهُ؟ تَعَالَى اللَّهُ عَنْ ذَلِكَ عُلُوًّا كَبِيرًا.

Хақ Тағаланың Аршыға ешбір қажетсіз әрі оған орнығусыз истәуэ⁸ қылғанына иман келтіреміз. Аллаһ Тағала Аршыны да, одан басқаны да сақтаушы әрі оған мұқтаж емес. Егер Хақ Тағала Аршыға мұқтаждық танытса. Жаратылған жаратылыстың денгейіне түсіп, әлемді жаратуға, басқаруға шамасы келмес еді. Егер Хақ Тағала оған отыруға, орнығуға мұқтаждық танытса, Аршы жаратылмай тұрып Аллаһ қайда болды? Хақ Тағала мұндай кемшіліктерден пәк, әрі ұлы.

الوصية الرابعة

Төртінші өсиет

نُورُ بَأَنَّ الْقُرْآنَ كَلَامَ اللَّهِ غَيْرَ مَخْلُوقٍ وَ وَجِيهٍ وَ تَنْزِيلُهُ لَا هُوَ وَلَا غَيْرُهُ، بَلْ هُوَ صِفَتُهُ عَلَى النَّحْقِيقِ، مَكْتُوبٌ فِي الْمَصَاحِفِ، مَقْرُوءٌ بِالْأَلْسِنَةِ، مَحْفُوظٌ فِي الصُّدُورِ، غَيْرُ خَالٍ فِيهَا، وَالْحَبْرُ وَ الْكَاعْدُ وَ الْكِتَابَةُ كُلُّهَا مَخْلُوقَةٌ لِأَنَّهَا أَفْعَالُ الْعِبَادِ، وَ كَلَامَ اللَّهِ سُبْحَانَهُ وَ تَعَالَى غَيْرُ مَخْلُوقٍ، لِأَنَّ الْكِتَابَةَ وَالْحُرُوفَ وَ الْكَلِمَاتِ دَلَالَةُ الْقُرْآنِ لِحَاجَةِ الْعِبَادِ إِلَيْهَا، وَ كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى قَائِمٌ بِنَتَيْهِ، وَ مَعْنَاهُ مَفْهُومٌ بِهَذِهِ الْأَشْيَاءِ، فَمَنْ قَالَ بَأَنَّ كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى مَخْلُوقٌ فَهُوَ كَافِرٌ بِاللَّهِ الْعَظِيمِ، وَ اللَّهُ تَعَالَى مَعْبُودٌ لَا يَزَالُ عَمَّا كَانَ، وَ كَلَامُهُ مَقْرُوءٌ وَ مَكْتُوبٌ وَ مَحْفُوظٌ مِنْ غَيْرِ مُزِيلَةٍ عَنْهُ.

Құран – Хақтың сөзі, ол жаратылмаған, Құран - Аллаһтың уахиы және түсірген Кітабы деп иман келтіреміз. Ол – қағаз беттеріне жазылған, тілмен оқылатын, жүректерде жатталатын Хақ Тағаланың сөзі, кітаптарға, жүректерге, тілдерге байланысты емес, Хақтың сипаты. Сиясы, қағазы, жазылуына келсек, олардың барлығы жаратылған, өйткені

⁸ «Истәуэ» сөзі араб тілінде «меңгеру», «орнығу», «отыру», «басқару», т. б. бірнеше мағынада қолданылып келген. Халаф ғалымдары осы сөздердің ішіндегі Аллаһтың сипатына лайықты мағынасын алып, астарлап түсіндірген. Тауил жасау - таухид ілімін терең пайымдай бермейтін жалпы халықты қате ұғымнан, ойлардан сақтау.

ол нәрселер пенденің істерінен. Хақ Тағаланың сөзі жаратылмаған, ал жазу, әріптер, сөздер, аяттар бұл нәрселерді пенде қажет қылғандықтан Құранның дәлелі болып есептеледі. Аллаһ Тағаланың сөзі Өзіне тән сипатарының бірінен, оның мағынасы осы нәрселермен түсіндіріледі. Ал енді кімде-кім Хақ Тағаланың сөзі жаратылған десе, ол діннен шығады. Құлшылық қылу мәңгі өзгермейтін Аллаһ Тағалаға ғана бағытталады. Аллаһ Тағаланың сөзі оқылып, жатталса да, Оның сипатынан ажырамайды.

الوصية الخامسة

Бесінші өсиет

نُقِرُّ بِأَنَّ أَفْضَلَ هَذِهِ الْأُمَّةِ بَعْدَ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَبُو بَكْرٍ الصِّدِّيقُ، ثُمَّ عُمَرُ، ثُمَّ عُثْمَانُ، ثُمَّ عَلِيُّ رِضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ، لِقَوْلِ تَعَالَى: ﴿وَالسَّابِقُونَ السَّابِقُونَ (10) أُولَئِكَ الْمُقَرَّبُونَ (11) فِي جَنَّاتِ النَّعِيمِ﴾، وَكُلٌّ مَنْ كَانَ أَسْبَقَ فَهُوَ أَفْضَلُ، وَ يُحِبُّهُمْ كُلَّ مُمْنٍ تَقِيٍّ، وَ يُبْغِضُهُمْ كُلَّ مُنَافِقٍ شَقِيٍّ.

Хақ Елшісі Мұхаммедтен (*Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын*) кейінгі осы үмбеттің ең абзал адамдары: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Али (*Олардың барлығына Аллаһ разы болсын*) екенін мойындаймыз. Бұл хақында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿وَالسَّابِقُونَ السَّابِقُونَ (10) أُولَئِكَ الْمُقَرَّبُونَ (11) فِي جَنَّاتِ النَّعِيمِ﴾

«Озаттар алдыңғы қатарда болады. Міне солар, Аллаһқа жақын болғандар. Жәннатта нығметке бөленеді»⁹ деп бұйырады. Бізден алдын өткендер (*Сахабалар*) абзал адамдар, оларды әрбір тақуа момын жақсы көреді, ал бақытсыз, екіжүзділер жек көреді.

الوصية السادسة

Алтыншы өсиет

نُقِرُّ بِأَنَّ الْعَبْدَ مَعَ أَعْمَالِهِ وَ إِقْرَارِهِ وَ مَعْرِفَتِهِ مَخْلُوقٌ، فَلَمَّا كَانَ الْفَاعِلُ مَخْلُوقًا فَأَفْعَالُهُ أَوْلَى أَنْ تَكُونَ مَخْلُوقَةً.

Пенденің өзі мен істері, куәлік беруі мен Аллаһты тануы да жаратылған нәрселер екендігіне иман келтіреміз. Егер адамның өзі жаратылған жаратылыс болса, онда істерінің де жаратылған нәрсе екендігі әлде қайда лайығырақ (ақиқат).

الوصية السابعة

Жетінші өсиет

⁹ Уақиға сүресі, 10,11,12-аяттар.

نُفِرَ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى خَلَقَ الْخَلْقَ وَ لَمْ يَكُنْ لَهُمْ طَاقَةٌ، لِأَنَّهُمْ ضَعَفَاءُ عَاجِزُونَ، وَ اللَّهُ خَالِقُهُمْ وَ رَازِقُهُمْ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَكُمْ ثُمَّ رَزَقَكُمْ ثُمَّ يُمَيِّنُكُمْ ثُمَّ يُحْيِيكُمْ ﴾، وَ الْكَسْبُ حَلَالٌ، وَ جَمْعُ الْمَالِ مِنَ الْحَلَالِ حَلَالٌ، وَ جَمْعُ الْمَالِ مِنَ الْحَرَامِ حَرَامٌ، وَ النَّاسُ عَلَى ثَلَاثَةِ أَصْنَافٍ: الْمُؤْمِنُ الْمُخْلِصُ فِي إِيمَانِهِ، وَ الْكَافِرُ الْجَاحِدُ فِي كُفْرِهِ، وَ الْمُنَافِقُ الْمُدَاهِنُ فِي نِفَاقِهِ. وَ اللَّهُ تَعَالَى فَرَضَ عَايَ الْمُؤْمِنِ الْعَمَلَ، وَ عَلَى الْكَافِرِ الْإِيمَانَ، وَ عَلَى الْمُنَافِقِ الْإِخْلَاصَ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿ يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمْ ﴾، يَعْنِي أَيُّهَا الْمُؤْمِنُونَ أَطِيعُوا، وَأَيُّهَا الْكَافِرُونَ آمِنُوا، وَ أَيُّهَا الْمُنَافِقُونَ أَخْلِصُوا.

Әлбетте Аллаһ Тағланың барша жаратылысты жаратқандығына және олардың өз бетімен еш нәрсеге шамалары жетпейтіндігіне иман келтіреміз. Өйткені, олар өте әлсіз, дәрменсіз, сондықтан өздігінен ештеңе істей алмайды. Хақ олардың жаратушысы әрі ризық берушісі. Бұл хақында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَكُمْ ثُمَّ رَزَقَكُمْ ثُمَّ يُمَيِّنُكُمْ ثُمَّ يُحْيِيكُمْ ﴾

*«Ол Аллаһ сендерді жаратып, сосын ризық берді, одан кейін өлтірді, кейін тірілмеді»*¹⁰ деп бұйырады.

Кәсіп ету, малды адалдан жинау - халал, ал хараммен жинау - харам. Адамдар үш түрлі болады:

- ә) Иманына берік - шынайы момын.
- а) Күпірлігіне берік - бастартушы кәпір.
- б) Екі жүзділігіне берік - екі жүзді айлакер.

Хақ Тағала момынға амал етуді, кәпірге иман келтіруді, екі жүздіге ықыласты болуды парыз қылды. Бұл турасында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمْ ﴾

*«Әй адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар»*¹¹ деп бұйырады. Яғни, мағынасы – «Уа, момындар, бойұсыныңдар! Әй, дінсіздер, иман келтіріңдер! Әй екі жүзділер! Ықылас танытыңдар» дегенді білдіреді.

الوصية الثامنة

Сегізінші өсиет

نُفِرَ بِأَنَّ الْإِسْتِطَاعَةَ مِمَّ الْفِعْلِ، لَا قَبْلَ الْفِعْلِ وَ لَا بَعْدَ الْفِعْلِ، لِأَنَّهُ لَوْ كَانَ قَبْلَ الْفِعْلِ لَكَانَ الْعَبْدُ مُسْتَعِينًا عَنِ اللَّهِ تَعَالَى وَ قَدْ الْحَاجَةُ، وَ هَذَا خِلَافَ حُكْمِ النَّصِّ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿ وَاللَّهُ الْغَنِيُّ وَأَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ ﴾، وَ لَوْ كَانَ بَعْدَ الْفِعْلِ لَكَانَ مِنَ الْمَحَالِ، لِأَنَّهُ حُصُولٌ بِلَا اسْتِطَاعَةٍ وَ لَا طَاقَةٍ.

¹⁰ Рұм сүресі, 40-аят.

¹¹ Ниса сүресі, 1-аят.

Адамның бір нәрсеге шамасы келуі, амалмен бірге жүретіндігіне иман келтіреміз. Пенденің бір іске шамасының келуі сол істен бұрын немесе кейін мүмкін болады деп айта алмаймыз. Себебі, егер шамасы келетін іс жүзеге аспастан бұрын мүмкін болса, онда өзіне қажет уақытта Хақ Тағалаға мұқтаждық танытпаған болады. Ал бұл Құранның үкіміне қайшы. Аллах Тағала Құран Кәрімде:

﴿ وَاللَّهُ الْغَنِيُّ وَأَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ ﴾

«*Аллаһ бай, сендер кедейсіңдер*»¹² деп бұйырады.

Ал егерде кейін болса, онда қарама-қайшылық туындайды, өйткені, іс-әрекет шамасы келетін, күш жететіннен бұрын орындалып қойған.

الوصية التاسعة

Тоғызыншы өсиет

نُفِرَ بِأَنَّ الْمَسْحَ عَلَى الْخُفَيْنِ وَاجِبٌ لِلْمُقِيمِ يَوْمًا وَ لَيْلَةً ، وَ لِلْمَسَافِرِ ثَلَاثَةَ أَيَّامٍ وَ لَيْالِيهَا ، لِأَنَّ الْحَدِيثَ وَرَدَ هَكَذَا ، فَمَنْ أَنْكَرَهُ يُخْشَى عَلَيْهِ الْكُفْرُ ، لِأَنَّهُ قَرِيبٌ مِنَ الْخَيْرِ الْمُتَوَاتِرِ . وَ الْقَصْرُ وَ الْإِفْطَارُ فِي السَّفَرِ رُخْصَةٌ بِنَصِّ الْكِتَابِ ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ وَإِذَا ضَرَبْتُمْ فِي الْأَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَقْصُرُوا مِنَ الصَّلَاةِ ﴾ ، وَ فِي الْإِفْطَارِ قَوْلُهُ تَعَالَى : ﴿ فَمَنْ كَانَ مِنْكُمْ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ ﴾ .

Мәсіге мәсіх тарту жергілікті тұрғын (*үйдегі кісі*) үшін бір күн, бір түн, ал мүсәпірге үш күн, үш түн тарту уәжиб (*міндет*) екендігін мойындаймыз. Өйткені, хадисте осылай айтылған. Кімде-кім оны мойындамаса күпірлікке түсіп қалуы ғажап емес. Себебі, бұл хабар жайындағы хадис (*кескінді үкім*) мұтауатирге жақын дәрежеде. Сапар кезінде намазды қысқарту және ораза ұстамау Құран аяттары арқылы рұқсат етілген. Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ وَإِذَا ضَرَبْتُمْ فِي الْأَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَقْصُرُوا مِنَ الصَّلَاةِ ﴾

«*Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәпірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге намазды қысқартуларыңда күнә жоқ*»¹³ десе, ауыз бекітпеуге қатысты Құран Кәрімде:

﴿ فَمَنْ كَانَ مِنْكُمْ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ ﴾

«*Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде өтер*»¹⁴ деп бұйырады.

¹² Мұхаммаед сүресі, 38-аят.

¹³ Ниса сүресі, 101-аят.

¹⁴ Бақара сүресі, 184-аят.

الوصية العاشرة

Оныншы өсиет

نُقِرْ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى أَمَرَ الْقَلَمَ بِأَنْ يَكْتُبَ فَقَالَ الْقَلَمُ : مَاذَا أَكْتُبُ يَا رَبِّ ؟ فَقَالَ اللَّهُ تَعَالَى : أَكْتُبُ مَا هُوَ كَائِنٌ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ وَكُلُّ شَيْءٍ فَعَلُوهُ فِي الزُّبُرِ (52) وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُسْتَظَرٌّ ﴾ .

Хақ Тағала Қаламға жазуды бұйырғандығына иман келтіреміз. Сонда Қалам: «Уа Раббым не жазамын? – дегенде, Жаббар Хақ: «Қиямет күніне дейінгі болатын нәрсені жаз» - деді. Бұл турасында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ وَكُلُّ شَيْءٍ فَعَلُوهُ فِي الزُّبُرِ (52) وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُسْتَظَرٌّ ﴾

«Олар істеген әр нәрсе дәптерде бекітілген. Үлкен-кіші әр нәрсе жазулы»¹⁵ деп бұйырады.

الوصية الحادية عشرة

Он бірінші өсиет

نُقِرْ بِأَنَّ عَذَابَ الْقَبْرِ كَائِنٌ لَا مَحَالَةَ ، وَ سُؤَالَ مُنْكَرٍ وَ نَكِيرٍ حَقٌّ لِرُؤُودِ الْأَحَادِيثِ ، وَ الْجَنَّةَ وَ النَّارَ حَقٌّ ، وَ هُمَا مَخْلُوقَتَانِ لِأَهْلِهِمَا ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى فِي حَقِّ الْمُؤْمِنِينَ : ﴿ أُعِدَّتْ لِلْمُتَّقِينَ ﴾ ، وَ فِي حَقِّ الْكُفَرَةِ : ﴿ أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ ﴾ ، خَلَقَهُمَا اللَّهُ لِلنُّوَابِ وَ الْعِقَابِ ، وَ الْمِيزَانَ حَقٌّ لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ ﴾ ، وَ الْقِرَاءَةَ الْكِتَابِ حَقٌّ لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ أَقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَى بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيبًا ﴾ .

Хадистерде айтылғандай Қабір азабы сөзсіз болатынына және Мүңкәр мен Нәкирдің сұрақ алатындығына иман келтіреміз. Жәннат пен Тозақ - хақ. Ол екеуі өзіне лайық тұрғындары үшін жаратылған. Момындардың хақында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ أُعِدَّتْ لِلْمُتَّقِينَ ﴾

« Тақуалар үшін әзірленген»¹⁶ десе, дінсіздер хақында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ ﴾

«Кәпірлер үшін әзірленген»¹⁷ деп бұйырады. Аллаһ Тағала жәннат пен тозақты сауап пен жаза үшін жаратты. Сондай-ақ, таразы – хақ. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

¹⁵ Қамар сүресі, 52,53-аяттар.

¹⁶ Әл Ғымран, сүресі, 133-аят.

¹⁷ Бақара сүресі, 24-аят.

﴿ وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقَسِطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ ﴾

«Қиямет күні, тақуалық таразысын қоямыз»¹⁸ деп бұйырады. Кітаптың (амал дәптері) оқылуы да – хақ. Бұл хақында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ أَقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَىٰ بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيبًا ﴾

«Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің»¹⁹ деп бұйырады.

الوصية الثانية عشرة

Он екінші өсиет

نُفِرَ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَىٰ يُحْيِي هَذِهِ النَّفُوسَ بَعْدَ الْمَوْتِ ، وَ يُبْعَثُهُمْ فِي يَوْمٍ كَانَ مِقْدَارُهُ خَمْسِينَ أَلْفَ سَنَةٍ لِلْجَزَاءِ وَ الثَّوَابِ وَ آدَاءِ الْحُقُوقِ لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ وَأَنَّ اللَّهَ يَبْعَثُ مَنْ فِي الْقُبُورِ ﴾ .

وَ لِقَاءِ اللَّهِ تَعَالَىٰ لِأَهْلِ الْجَنَّةِ حَقٌّ بِلَا كَيْفِيَّةٍ وَ لَا تَشْبِيهِ وَ لَا جِهَةٍ .

وَ شَفَاعَةُ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ حَقٌّ لِكُلِّ مَنْ هُوَ مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ ، وَ إِنْ كَانَ صَاحِبَ الْكَبِيرَةِ .

وَ عَائِشَةُ بَعْدَ خَدِيجَةَ الْكُبْرَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَفْضَلُ نِسَاءِ الْعَالَمِينَ ، وَ أُمُّ الْمُؤْمِنِينَ ، وَ مُطَهَّرَةٌ عَنِ الزَّنَا بَرِيئَةٌ عَمَّا قَالَتْ الرَّوَافِضُ ، فَمَنْ شَهِدَ عَلَيْهَا بِالزَّنَا فَهُوَ وَ لَدُ الزَّنَا .

وَ أَهْلُ الْجَنَّةِ فِي الْجَنَّةِ خَالِدُونَ ، وَ أَهْلُ النَّارِ فِي النَّارِ خَالِدُونَ ، لِقَوْلِهِ تَعَالَىٰ فِي حَقِّ الْمُؤْمِنِينَ : ﴿ أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴾ ، وَ فِي حَقِّ الْكُفَّارِ : ﴿ أُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴾ .

Хақ Тағала жан (аруақтарды) өлгеннен кейін қайта тірілтетіндігіне және оларды шамамен елу мың жылға созылатын бір күні хұқықтарын өтеу, сауаптарын беру мен жазасын өтеуге қайта жинайтындығына иман келтіреміз. Бұл турасында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿ وَأَنَّ اللَّهَ يَبْعَثُ مَنْ فِي الْقُبُورِ ﴾

«Шәксіз Аллаһ, қабырдағыларды тірілтеді»²⁰ деп бұйырады.

Хақ Тағаланың Жәннат иелеріне еш кейіпсіз, тарапсыз, ұқсаусыз көрінетіндігі – хақ.

Хақ Елшісі Мұхаммедтің (Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шапағаты жәннаттық әрбір пендеге бағышталады, тіпті, үлкен күнә жасағандар да оның шапағатынан құр қалмайтындығы – хақ.

¹⁸ Әнбия сүресі, 47-аят.

¹⁹ Исра сүресі, 14-аят.

²⁰ Хаж сүресі, 7-аят.

Хадиша анамыздан кейінгі әлемдегі әйелдердің абзалы әрі момындардың анасы Айша анамыз (*Аллаһ ол екеуіне разы болсын*), зинадан пәк, Рауафидтар²¹ жапқан жалалардан пәк. Ал кімде-кім Айша анамызға ойнас жасады деп айып тағатын болса, онда оның өзі ойнастан туғаны.

Жұмақ иелері сол пейіште мәңгі қалады, Тамұқ иелері сол тозақта мәңгі қалады. Момындардың хақында Хақ Тағала Құран Кәрімде:

﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾

«*Жәннаттық болып, олар онда мәңгі қалады*»²² деп бұйырса, дінсіздер хақында Құран Кәрімде:

﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾

«*Тозақтық болып, олар онда мәңгі қалады*»²³ деп бұйырған.

²¹ Шиғалардан шыққан адасқан топтардың бірі.

²² Бақара сүресі, 82-аят.

²³ Бақара сүресі, 39-аят.